

2012 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Ақжар ауданы аумағындағы азаматтарды шұғыл әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 71 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 сәуірде N 13-4-139 тіркелді

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-4 Заңының 28, 29, 31-баптарына, 27-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара Қызметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігіне шұғыл әскери қызметке шақыруды, «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізудің қоса берілген кестесі б е к і т і л с і н .

3. Селолық округінің әкімдері медициналық куәландыруды өткізу үшін және әскери қызметті өту үшін әскерге шақырушылардың кетуін қамтамасыз етсін.

4. «Ақжар аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджет қаражатынан шұғыл әскери қызметке азаматтарды шақыру жөніндегі іс-шараларға шығындардың уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

5. Аудан әкімі аппаратының басшысы әскерге шақыру кезіеңіне 2 бірлік көлемінде қызмет көрсететін адамдарды және техникалық жұмысшыларды уақытша жұмысқа қ а б ы л д а с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары **Ғ.Қ. Айтмұхаметовқа** жүктелсін.

7. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн

5						5	
	15						6
			3				
10						13	
	5						3
	8						13
					5		
					8		
15	28	140	38	40	22	18	22

Ескерту: шақыру комиссияны өтпеген азаматтар бойынша шақыру комиссияның отырысы аптасына бір рет сәрсенбі, көктемгі шақыруда 2012 жылдың 30 маусымға дейін, күзгі шақыруда 2012 жылдың 30 желтоқсанға дейін өтіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК